Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
/Қ Ы С Қ А Ш А/

24 шілде 2024 жыл № 3115-24-00-2/1521 іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.И.Таусаров азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «SAMGAU GROUP» басшысы Бердібек Нұрым Ратбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру.

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 267-4-бабын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының жауапкер жеке кәсіпкер «SAMGAU GROUP» басшысы Бердібек Нұрым Ратбекұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «SAMGAU GROUP» басшысы Бердібек Нұрым Ратбекұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «SAMGAU GROUP» басшысы Бердібек Нұрым Ратбекұлынан талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Балдырған» бөбекжай-

Құжатқа қол қойылған: Таусаров С. И., 24.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 03.09.2024, судья Калымханов Е. А., 04.09.2024
3115-24-3-1/1591

бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының пайдасына 14 210 (он төрт мың екі жүз он) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «SAMGAU GROUP» басшысы Бердібек Нұрым Ратбекұлынан мемлекет пайдасына 2272 (екі мың екі жүз жетпіс екі) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер осы сот шешімінің көшірмесін алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа осы шешімді бұзу туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья С.И.Таусаров

Құжатқа қол қойылған: Таусаров С. И., 24.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 03.09.2024, судья Калымжанов Е. А., 04.09.2024

3115-24-3-1/1591